

ТҮЙТКІЛ

EXCLUSIVE

«БАЛАМ» ДЕЙТІН ЕЛІ БОЛСЫН



ТҮҢІЛМЕСІН,
КҮЛІМДЕСІН
ТӘҢІРБЕРГЕН

Қоңыраттан шыққан Байбәрі деген байдың бір перзентке зар болғаны баяндалатын қиссаны оқыған боларсыз. Тоқсан мың қорасы, сексен мың түйесі, тоғай-тоғайды өн жайлаған жылқысының сан жетпейтіні жырға арқау болады. Сексендегі селкілдеген байдың бар қайғысы артында қалатын мыңғырған малы мен дүние-мүлкіне ие болар перзентінің болмауы. Әулие-әмбие аралап, мойнына бұршақ салып, Жаратқаннан жалбарынып көзінің жасынан көл тұрған Байбәрінің бәйбішесінің пұшпағы қанап бір ұл, бір қыз туады. Алпамыс пен Қарлығаштың қандай қасиетті болғаны жырдың ішінде айтылады. Біз бүгінге оралайық.

(Бұл туралы 3-беттен оқыңыз)

– Апа, бөбегіңіздің бауы берік болсын! Бір-ақ сәтте «хит» болған қалай өкен?
– Айтпаңыз, тіпті телефонымызға тыным жоқ. Танымайтын адамдар да құттықтап жатыр. «Арнайы Атырауға барамыз, сіздерді таспаға түсіреміз» деген журналистер де бар арасында.

ДҮНИЕГЕ ҰЛ КЕЛДІ, ЕСІМІ ОНЫҢ НҰРКЕЛДІ



(Бұл туралы 6-беттен оқыңыз)

Ауыл әкіміне ҮШ СҰРАҚ



Өткен жылы ел тарихында тұңғыш рет ауыл әкімдерін халық өзі сайлады.

Бағдарламасы жақсы үміткерлердің бағы жанып, тұрғындар өз таңдауын жасады. Міне, содан бері алты айдан астам уақыт өтті. Жұмысқа құлшына кіріскен әкімдер не тындырды?

Осы орайда Jas qazaq жаңа жобаны қолға алды. Ауыл тұрғындары газет арқылы өз әкіміне сауал жолдай алады. Жауап – әкімнің еншісінде.

Бұл жолы Алматы облысы Қарасай ауданы Елтай округіне қарасты «Береке» ауылының тұрғындарын мазалаған сауалдарға осы ауылдың әкімі Біржан Манатұлы жауап берді.

(Бұл туралы 3-беттен оқыңыз)

JAS QAZAQ ЖАЗЫП ЕДІ

СЕҢ ҚОЗҒАЛДЫ

Бытыр Jas qazaq газетіне Атырау облысы Индер ауданының тұрғыны Моншақ Кенжеғалиева хабарласып, көп жылдан бері күрмеуі шешілмей келе жатқан мәселесін жеткізген болатын. Атырау облысы бойынша меншікті тілшіміз Нұргүл Насыр Моншақ апаймен көздесіп, нәтижесінде газеттің 2021 жылғы 24 желтоқсандағы № 51-52 санында «Үй қораға айналып барады» атты мақала жарияланды. Онда айтылған мәселеге қатысты Индер ауданының әкімі Саламат Өтеғұлов Моншақ Кенжеғалиева және жатақхананың басқа да тұрғындарымен көздесіп, мәселенің алдағы уақытта оң шешімін табатынын жеткізіпті.

Бірнеше жылдан бері созбалаңға салынып, шешілмей келген мәселе газет бетінде жарық көргеннен кейін жергілікті билік өкілдері шаруаны қолға алатынын жеткізіпті. Моншақ апайдың Jas qazaq-қа жолдаған хатын сол қалпында жариялап отырмыз.

ҚҰРМЕТТІ РЕДАКЦИЯ!

Газет ұжымына алғысым шексіз. Қиындықтың батпағынан шыға алмай, кімнен көмек сұрарымды білмей, бас ауыртып жүргенімде Jas qazaq республикалық газетіне хабарласып, жағдайымды айтып, түсіндірген едім. Біздің жатақхана тұрғындарын мазалаған түйткілге бірден назар аударып, мән-жаймен танысты. Әлеуметтік мәселемізді газет дер шағында көтеріп, жергілікті басқарушы органға сауал жолдады. Жақында Индер ауданының әкімі мені жеке қабылдауына шақырып, мәселенің алдағы уақытта шешімін табатынын айтты. Әкімнің айтуынша, 2025 жылға дейін құрқылтайдың ұясындай ғана баспанамыздың шаруасы шешілетін көрінеді. Осы ретте Jas qazaq газетінің ұжымына әбжәлдік танытып, жанайқайымызға үн қосып, қолдау көрсеткені үшін зор алғысымды білдіремін. Халқының қамын ойлаған осындай жандар аман болғай. Ел ішіндегі шешімін таппай келе жатқан түйткілді шаруаларды шешуге үн қата беріңіздер дегім келеді.

Ігі тілекпен Атырау облысы Индер ауданының тұрғыны Моншақ КЕНЖЕҒАЛИЕВА



«ҚАРА АЛТЫН»

МАҢҒЫСТАУДА МҰНАЙ ТАБЫЛДЫ!



(Бұл туралы 4-беттен оқи аласыз)



БИРЖАМЕТР

МҰНАЙ (brent)
89,30

DOLLAR
435

EURO
490

РУБЛЬ
5,69



JAS QAZAQ
ГАЗЕТІНІҢ
TELEGRAM-
КАНАЛЫНА
ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!

БИЛІК

Сыбайлас жемқорлықпен ымырасыз күрес – мемлекеттік саясаттағы негізгі басымдықтың бірі. Заң үстемдігін орнатып, нағыз құқықтық мемлекет құру үшін жемқорлықтың тамырына балта шабу керек. Осы аптада өткен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі кеңесте Президент Қасым-Жомарт Тоқаев осылай деп атап көрсетті.

қолданылады. Өткен жылы жалпыға бірдей салық декларациясын тапсырудың алғашқы кезеңі басталды. Осы сияқты шаралардың нәтижесінде жемқорлық деңгейі төмендеді. Әйтсе де, жұрт әлі де күнделікті өмірде сыбайлас жемқорлықпен бетпе-бет келуде.

Мемлекет басшысы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасының жобасын бекітетінін мәлімдеді. Бірақ жұмыстың тиімділігі нақты нәтиже бойынша бағаланады.

шекті, азық-түлік қауіпсіздігіне нұқсан келді. Жайылым жерлерді суландыруға бөлінген 80 млрд теңгенің тең жартысы максатқа сай жұмсалмады. Былтырғы қуаңшылықта шаруалар жем-шөп таппай, мал қырылды. Кей өңірде шаруаларға субсидия ретінде күн батареясы берілген. Қысқасы, осы кезге дейін ауыл тұрғындарының мұқтаждығына ешкім бас қатырмаған.

Президент ақпараттық жүйелер мен деректер базасының жұмысына қатысты мәселелерге тоқталды. Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігіне мемлекеттік құрылымдар әзірлеген барлық ақпараттық жүйеге тексеру жүргізу тапсырылды. Цифрландыру деген желеумен бюджеттен қаржы жұмсалып, кейін ешкімге қажеті жоқ ресурстарға көрсетілген қызмет үшін әлдекімдердің миллиондап ақша алуына жол берілмейді.

Сондай-ақ кеден, құрылыс, білім беру және денсаулық сақтау салаларындағы жемқорлықпен күресуге баса мән беру керектігі айтылды. Жауапты министрліктер осы бағыттар бойынша жемқорлықты жүйелі негізде жою жөнінде жоспар әзірлеуі қажет. «Қазір сыбайлас жемқорлықты нақты жоюдың орнына, процесті бюрократияландыру жүріп жатқанын көріп отырмыз. Тапсырысты орындаушыны тандауға бірнеше ай кетеді. Бірақ бәрібір сапа мен адалдық жетіспейді. Қолданыста бар нормативтік сүзгілерге қарамастан, қандай теңдер болсын, оны кім жеңетіні көбіне белгілі болып тұрады. Мәселен, екі жылда «Қазавтожол» техникалық қадағалау қызметі 99 сатып алу конкурсын өткізген.



ЖЕМҚОРЛЫҚ – ІНДЕТ, ОНЫМЕН КҮРЕСУ – МІНДЕТ

Мемлекет басшысы соңғы жылдары бірқатар маңызды қадам жасалғанына назар аударды. Соттың сапалы қызмет атқаруы үшін нақты шаралар қабылданды. Соңғы үш жылда 174 судья жұмыстан шығарылды немесе лауазымы төмендетілді. Жаңадан құрылған әкімшілік соттарға жарты жылдың ішінде 14 мың талап-арыз түскен. Тең жартысында сотқа арызданушылар жеңіп шықты. Қылмыстық процестің үш буынды үлгісі енгізілді. Соның нәтижесінде прокурорлар былтыр үш жарым мыңға жуық адамның қылмыстық процесске негізсіз тартылуына жол берген жок.

Сондай-ақ жемқорлық әрекеті үшін сотталғандарды шартты түрде мерзімінен бұрын босатуға тыйым салынды. Сот, құқық қорғау қызметкерлеріне, пара бергендерге және делдалдарға қатаң жаза

Құқық қорғау органдарының жұмысынсыз сыбайлас жемқорлықпен тиімді күрес жүргізу мүмкін емес. Көп жыл бойы олар мәселені терең зерттемей, пара алушыларды қылмыс үстінде ұстап келді. Ал сыбайлас жемқорлықтың белен алуына қатысты себептер мен жағдайларға тек соңғы жылдары ғана назар аударыла бастады. Бұл орайда Президент ауыл шаруашылығындағы субсидиямен байланысты жемқорлық деректеріне тоқталды. Соңғы бес жылда ауыл шаруашылығын қолдау үшін екі трлн теңге бөлінді. Алайда ақша орнымен жұмсалған жоқ. Бес жылда осы салада 960 қылмыстық іс тіркеліп, 450 адам қылмыстық жауапкершілікке тартылды. Ауыл шаруашылығы саласы жемқорлыққа белшеден батты. Мемлекет үлкен зиян

Олардың тең жартысын үлестікке қатысы бары айқын төрт компания жеңіп алған. Ал елімізде аккредитациядан өткен екі мыңнан астам ұйым мен сертификатталған алты мыңнан астам сарапшы бар. Сондықтан халықаралық деңгейдегі компаниялардың мемлекеттік сатып алуларға сирек қатысатынына таңғалуға болмайды», — деді Президент.


Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік сатып алу мен квазимемлекеттік сектордағы сатып алулардың тұтас жүйесін қайта қарауды тапсырды. Мемлекеттік сатып алуларға белделге ие, тиісті техникасы мен білікті жұмысшылары бар, салықты уақытында төлейтін өндірісшілер қатысуы керек.

Талап ТІЛЕГЕН

Аптаның алаңы

Аманжан ЖАМАЛОВ,
Мәжіліс депутаты:

«Дүкендегі бағаны көргенде қарақұмық жармасы құдды «қарақұмық ұылдырығы», ал тауықтың жұмыртқасын «Фаберже жұмыртқасы» дегің келеді. Бүкіл әлемде азық-түлік қымбаттап жатыр. Ал бізде азық-түлік импорты 3 млрд доллардан асады. Бұл осындай көлемдегі инфляция импорты дегенді білдіреді».



Сөз-Жебе



Мақсат РАМАНҚҰЛОВ,
Мәжіліс депутаты:

«Халықаралық Tax Justice Network ұйымының мәліметінше, соңғы 25 жылда елімізден офшорға 140-160 млрд доллар шығарылған. Бұл еліміздің

бір жылдық ЖІӨ мен сыртқы қарызына тең. Кей ақпарат бойынша, құқық қорғау органдары соңғы бес жылда шетелге капиталды заңсыз әкетуге байланысты екі жүзден астам іс қозғапты. Алайда бұл жұмыстың нақты нәтижесі, яғни елге қандай да бір көлемде ақшаның қайтарылғаны туралы ештеңе айтылмайды».

Инфографика



Қайырбек ӨСКЕНБАЕВ, индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі

ТАБЫСЫ 1 КҮНКӨРІС
ДЕҢГЕЙІНЕН ТӨМЕН
70 МЫҢ АДАМҒА
ЖАЛДАМАЛЫ
ПӘТЕРАҚЫНЫҢ
50 ПАЙЫЗЫН
МЕМЛЕКЕТ ТӨЛЕЙДІ



Дереккөзі: индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі

Әлеумет.т⁰

ҚОҒАМДЫ ШАЙҚАЛТУ

Белгілі әлеуметтанушы Гүлмира Илеуова қантар оқиғасынан кейін берген сұхбатында елең еткізетін бір деректі ортаға салды. Зерттеуші қауым кай елде де болып тұратын наразылықты төменгі, орта және жоғары деп үш деңгейге бөледі екен. Түсінікті болу үшін тізбелей кетейік.

Төменгі деңгейге сайлау қорытындысын мойындамау, петиция, билікке талап қою жатады.

Орта деңгей — әлеуметтік желідегі оппозициялық жазба, бойкот жасау, аштық жариялау.

Жоғары деңгей - бас көтерудің террористік акцияға ұласуы, жол мен коммуникацияны жабу, ғимараттарды басып алу.

Алдыңғы екеуі қоғамды үздіксіз тербелтіп, ақырында шарықтау шегіне жеткізеді. Қантардағы дүрбеленнен кейін біз осы үш деңгейді де бастан өткердік деп айта аламыз. Қазір де алдыңғы екі топқа кіретін наразылық белгілері құл астындағы шоқтай. Оның жарқын мысалы - Алматыны тым тәуір басқарып тұрған әкімді орнынан алып тастауға себепші болған петиция. Бес-алты мың белсенді екі миллионға жуық тұрғынның атынан «сөйлеп», дегеніне жетіп тынды. Қызық болғанда, Ерболат Досаевтың әкім болып тағайындалғаны туралы ақпарат шығар-шықпас, оған қарсы қол жинау басталып кетті.

Бұл алдағы кезде де «петиция» науқанының өріс алатынын көрсетсе керек. Сыныққа сылтау табу қиын ба? Бірі өтпесе, екінші бірдені ойлап табады. Қарап отырсақ, соңғы жылдары біреуді жылы орнынан кетіру үшін келсін-келмесін күйе жағу етек алды. Мұндайда қаламның ұшымен, бопсалаудың күшімен нәпақа табатын блогерлер армиясы білек сыбанып іске кіріседі. Топ болып қаралаудың нәтижесі белгілі: нысанаға ілінген адам ақырында қызметінен кетіп тынады. Ал блогердің есебі түгел. Жыл басындағы дүрбеленге әлеуметтік желіде айтқайға кику косып, отқа май құйғандардың көбі осы «блогерлер отряды». Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 7 қантардағы үндеуінде «Демократия дегеніміз — жүгенсіздік емес. Әсіресе, блогосферада заңға қайшы әрекет ететін арандатушылық емес. Құқықтық тәртіпті бұзуға өздерін «еркін» бұқаралық ақпарат құралдарымыз деп санайтындар мен біздің көпұлтты халқымыздың негізгі мүдделерінен алшақ «сырттағы қайраткерлер» ықпал етіп, шын мәнінде арандатушылық рөл атқарады. Жауапсыз демагогтардың барлығы Қазақстанда қайғылы жағдайдың туындауына себепкер болды десек, асыра айтқанымыз емес» деген болатын.

Бірақ қантар оқиғасынан кейін «еркін» ақпарат құралдары да, «диван демагогтары» да айылын жияр емес. Кез келген оқиғаны теріс бұрып әкету жалғасып жатыр. Көпшілік соған сеніп өре түрегеледі.

Қит етсе, петиция ұйымдастыру, қолынан жұмыс келетін білікті мамандардың жұмысына кедергі келтіру сияқты «диверсиялар» алдағы уақытта өршімесе, азаймайды. Себебі оған тоқтау жоқ. Токтау болмаған соң қоғамды шайқалту әрмен қарай жалғаса береді. Ал оның неге алып келетінін біз көрдік.

Гүлнар АХМЕТОВА

АПТАНЫҢ АЛТЫ АУЫЗЫ



1. Алматы өуежайын қиратып, тонаудан келтірілген шығын – **530,7 млн** теңге

2. Коронавирусқа қарсы вакцинаның I компонентін **9 213 147 адам** салдырды

3. Елімізде былтыр **111 млн** тонна көмір өндірілді

4. Биыл **200** жаңа мектеп ашылады

5. «7-20-25» бағдарламасымен **50 000-ға жуық** адам ипотека алған

6. Құрылыс материалдарының импорты **1,16 млрд** доллардан асады

Жыл басындағы аласапыранды ой өлегінен өткізген отандастарымыз байыпты болжамын да, салиқалы сараптауын да, тың талдауын да, кейде, өкінішке қарай, күлдібадам долбарын да жариялап жатыр. Мұнысына қарап, «жұрттың бәрі ақылшы, кеңесші, көсем, шешен болып кетті» деп кінәлаудың қисыны келмес. Керісінше, көзі ашық азаматтардың көңіл түкпіріндегісі тысқа шығуға тиіс. Оны есту – аз, ескеру керек. Жүргізіліп жатқан тергеу істерінің нәтижесін күтіп отырғандар қаншама. Сондықтан жөн сөзге құлақ түрер естілікті, білімділік пен сауаттылық танытуды әркім өзінен бастасын.

Дархан МЫҢБАЙ, Мәжіліс депутаты:

ДҰШПАННЫҢ ТАБАСЫНАН САҚТАСЫН!

Бұл — саяси мәдениетті қалыптастырудың ең басты алғышарты. Әлбетте, пікір алуандығы, пайым қайшылығы да болуы мүмкін. Бұл кезеңді жедел бағалау немесе асықпай таразылау — уақыт сыны. Ал ашықтық күнкілді, сыпсынды, қауесетті, өсекті емес, емен-жарқын, айбатсыз, айбалтасыз сөзді талап етеді. Сондай амал ғана шалажансар күй кешкен, ұйықтап жатқан қоғамдық, ұлттық сананы оятып, жаңғыртады. Әрине, дүрмекте мүйізі қарағайдай саясаттанушы, ойлы сарапшылармен жағаласқан сергелден сәуегейлерді, елірме ермелерді де ел көріп-біліп отыр. Әсіресе, көрші елдердің «көріпкелдері» алыста отырып тон пішуден танбады. «Біреудің қорасы өртеніп өшіре алмай жатса, біреу келіп сол отқа қойдың басын үйітеді» деген тәмсілдің кері келіп, қара жамылғандардың қайғысына емес, өз ұпайын түгендеуге тырысқандар да байқалды. Осындайда «бір ышқынып, бір қақалып-жөтеліп қалатындар» да қылаң беретіндер де әр тұстан көрінді. Қазір, Құдайға шүкір, ешкім алданбайды. Бұдан да қиын, ауыр кездерді бастан кешкен еліміз әлдеқашан аңқаулықтан өткен. Тек осының бәрін бағып, өлшеп-пішіп отырған



дұшпандардың табалауын бір сәт те естен шығармасақ екен. Пиғылы терістер өз ішімізге де от салатынын, шаланың ұзаққа созыла беруін дйттейтінін ұмытуға болмас. Шындығын айтсақ, қоғамның бар жігінде, базарда да, мазарда да құрғақ сөзге, қысыр сөзге, жел сөзге құмарлық белең ала бастағаны аңғарылады. Біз «Білек сыбанып, жең түрейік, ісіміз күтіп қалды» деп ертеңді қамдайтындардың көбейгенін қалар едік. Сілкінген қоғамды серпіліске қандай жол апармақ? Ең әуелі — ортақ тәртіпке бағыну, жалпыға бірдей заңды орындау, қазақтың бірін-бірі құрметтеуі. Одан

кейін айтар ойында дән бар, елге тиімді ұсынысы анық мамандарға қауымды зәру етпеуі маңызды. Мемлекеттің барлық саласын қайта құру міндеті де өзекті. Өлшем — халықтың билікке сенімін бекемдеу. Кез келген мемлекеттік қызметкер үшін одан артық абырой-бедел болмауға тиіс. Мемлекеттің пайдасын, қоғамның пайдасын, дәстүріміздің пайдасын ойлағанда ғана алға қарай алдымаймыз. Тек өз қамын, жеке пайдасын ойлау жақсылыққа апармайды. Бұл — ханға да, қарашаға да бірдей талап. Елімізде жаны таза, шындық десе басын қатерге тігуден де қорықпайтын, елшіл, зерделі, ізгі жандар жетерлік. Сонымен бірге күншілдіктен құтыла алмай жүрген, бір жерде қатар қызмет етсе де, адал азаматтарға, солар арқылы тұтас елімізге қалайда қара күйе жағуға жанталасып бағатындардың кездесетіні жасырын емес. Сондықтан, қолынан іс келетін аңғыр, іскер, жауапкершілікті мойынға алудан қашпайтын азаматтар бір-бірін қолдағаны жөн. Елімізді де, ешкімді де «досқа күлкі, дұшпанға таба қыла көрмесін».

(Басы 1-бетте)

Бірнеше күннен бері әлеуметтік желіні шарлаған бір сурет қоғамды тағы бір сілкіп алды. Жирен шашты ақ сары бүлдіршін. Жас шамасы екінің ар жақ, бер жағы. Ағашпен айнала қоршалған төсегінің жақтауынан тас қып ұстап телміре қарап тұр. Он екі мүшесі бүтін, дені сау періштенің көзіндегі орасан



ТҮҢІЛМЕСІН, КҮЛІМДЕСІН ТӘҢІРБЕРГЕН

сағынышы қоғамның көңілін босатып жіберді. Бала құқығын қорғау ұйымдары мен қоғам белсенділерінің, жалпақ жұрттың дүрк көтерілетін де жөні бар. Расында да, бала кімдікі? Ата-анасы бар ма? Болса қайда жүр? Бес айдан бері аурухананы паналаған бала туралы әлеуметтік желіге жазылмаса, шаруасы шеткері қала бере ме? Сауал көп. Бұл балақай Алматыдағы №2 балалар ауруханасына өткен жылдың қыркүйек айында түсіпті. Әуезов аудандық полиция басқармасының қызметкерлері әкелген. Қасында өзін баланың әкесімін деп таныстырған ер адам болған. Бірақ баланың өмірге келгенін растайтын туу туралы куәлігі жоқ. 1985 жылы туған Жамбыл облысының азаматы Мейірбек Тілепбаевтың айтуы бойынша, оның әйелі баланы тастап кеткен. Өзі қаланы қара тартып, жұмыс іздеп келеді. Баланы жетектеп көшеде жүргенде полицияның көзіне

бүлдіршінді тиісті мекемеге орналастыруды қолға аламыз деді. Балалар ауруханасының заңгері тиісті мекемелер араласып, заң жүзінде шешіліп, балалар үйіне табысталады деді. Бес айдан бері аурухана қызметкерлерінің қарауында қалған балақайдың есімі Тәңірберген екен. Су жана туу туралы куәлігінде қашалған дерекке сүйенсек, балақай 2020 жылдың 17 шілдесінде өмірге келген. Қазір ғаламторда ай мен күннің амаында ата-анасынан ажырап қалған бүлдіршінің «әжесі табылды» деген де ақпарат тарайды. Байбөрі секілді бір перзентке зар болып жүрген жандар қаншама. Отандық медицинаны былай қойып, шетелден ем-дауа сұрап, бақсы-балгер аралап, әулиелі жерге түнеп, бала сую

бала көтеріп, мемлекеттен бөлінетін квотаға қолы жетпей қалтасынан қыруар қаржы шығындап, әрең аяғы ауырлағанда түсік тастаған шерлі жандарды да көріп жүрміз. Бас құрап отау тіккеніне он жылдан асса да, шырылдаған шарананың дауысын естуге зар жандар да жетерлік. Содан ғой ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылы халыққа арнаған Жолдауында арнайы бағдарлама түзіп, ЭҚҰ-ға бөлінетін мемлекеттік квотаны бірден жеті есеге арттыруды тапсырғаны. Былтырдан белі елде «Ансаған сәби» мемлекеттің арнаулы бағдарламасы арқылы қаншама шаңырақтың ішінде шаттық орнап, береке байсал тауып келеді. Статистика бойынша, еліміздегі әрбір алтыншы жанұя бала суюға зар. Қандай қасірет ә, әрбір алтыншы жұп қан жұтып, Жаратқаннан жалбарынып бала сүйе алмай, жәутендеп ауруханада қалған періштеге жете алмай жүр. Кішкентайынан тастанды атанып, тірі жетімнің кебін киген Тәңірберген ғана емес. Баласын әжетханаға тастап кеткен, балалар үйінің ауласына аманаттап қалдырған, тіпті қысы жәшігінен де бейкүнә сәби табылған қатыгез, мейірімсіз, безбүйрек келбетімізден.

Қуаныш РАХМЕТ

Қ БЕТ ҚАТТАЛЫП ЖАТҚАНДА:

Тәңірбергеннің әкесі табылды. Бірақ баланы оған әзірге бермейді. ДНК-тест тапсырып, әкесі екенін дәлелдеуі тиіс.

1 Ауыл әкіміне ҮШ СҰРАҚ



(Басы 1-бетте)

Ботагөз ЖӨКЕНҚЫЗЫ, ауыл тұрғыны:



«Береке» ауылындағы «Астана» көшесінің бойында тұрамын. Жылда «әкімдіктен қаржы бөлінеді, жақында жол жасалады» дегенді естиміз. Соңғы рет сізбен кездескенде жол мәселесі алдағы өтетін «Нұр Отан» партиясының съезінен кейін белгілі болады дедіңіз. Съезд өтті. Енді нақты жауап берсеңіз, ауыл көшелерін асфальттау қашан жүзеге асады?

2 ӘКІМНІҢ ЖАУАБЫ:

Біздің ауылдағы тұрғындар саны жыл сайын артып келеді. Жаңа үйлер салынуда. Сондықтан көшелерді асфальтпен жабықтау күн тәртібінде тұрған өзекті мәселе. 2019 жылдан бері жобалық-сметалық құжаты дайындалып, қанша қаржы жұмсалатыны да есептеліп қойған. «Береке» ауылында 14 көше бар, соның төртеуіне ғана асфальт төселген. Былтыр 2 көше жасалды. Биыл Елтай ауылындағы бір көшеге, Көкөзек ауылындағы бір көшеге және Жармұқанбет ауылындағы бір көшеге тас төсеуге қаржы бөлінді. Жалпы округ бойынша жөндеуді қажет ететін 60 көше бар. Мұны бір жылда бітіру мүмкін емес. Мен мәселені ретімен шешуге уәде бердім, орындауға кірісемін. Алдағы уақытта бюджеттен қаржы бөлінсе, бірден бастап кетуге дайынбыз. Жыл енді басталды. Ауыл тұрғындарын көп ұзамай жақсы жаңалықпен қуантамыз деген ойдамын.

Оразкүл ҚҰРМАНҚҰЛОВА, ауыл тұрғыны:



Ауылдағы су мен жарық жекеңің меншігінде. Бір ауылда тариф әр түрлі. Мысалы, ауылдың ортасында тұратындар жарықтың 1 киловаттына 23 теңге, ал шеткі көшедегілер 22 теңге төлейді. Ал дүкені барлар 25 теңгеден төлейді. Жарық пен су қашан мемлекеттің меншігіне өтеді?

3 ӘКІМНІҢ ЖАУАБЫ:

Елтай ауылдық округінде 9 ауыл мен 26 саяжай бар. Жарық тарату жекеменшік кооперативтерге тиесілі екені рас. Өйткені жарық тарататын трансформаторларға жеке тұлғалар иелік етеді. Сондықтан бағаның әр түрлі тарифте төленіп жатқаны бізге мәлім. Елтай ауылдық округі бойынша коммуналдық қызмет көрсететін мекемелер мыналар: «BeyazhTrans» ЖШС — электр жарығы, газ, су; «Алматтасервис Холдинг» АҚ — газ; «Хангелді-су» ЖШС — су, кокыс шығару; «Даниэл» ЖК — кокыс шығару. Жоғарыда аталған мекемелердің тарифі ұлттық экономика министрлігі табиғи монополияларды реттеу комитетінің Алматы облысы бойынша департаменті мемлекеттік мекемесімен бекітілген.

Ауылда жаңа үйлердің құрылысы жыл сайын артып келеді. Бағана орнатып, жарық тарту да тұрғындарға үлкен салмақ. Жарық таратуды мемлекет меншігіне өткізу де оңай шаруа емес, оның өзінің стандартқа сай талабы бар. Бүгінде «Алатау Жарық» компаниясымен келіссөз жүргізіп, ауылдарды бірыңғай жарықпен қамтамасыз ету мәселесін қарастырудамыз.

Қанат ҰРЫНБАЕВ, ауыл тұрғыны:



Елтай округінде 9 ауыл бар. Ал аурухана «Береке» ауылында ғана. Басқа ауылдарда аурухана жетіспейді. Халық саны жылдан-жылға артып келеді. Қазір індеттің өрішіп тұрған кезі. Науқастар Қаскелеңге, онда орын болмаса Өтеген батыр кентіндегі ауруханаға жатқызылады. Тұрғындар үшін ол тым алыс. Күн тәртібінде ауылдарға аурухана салу мәселесі бар ма? Болса, қашан салынады?

4 ӘКІМНІҢ ЖАУАБЫ:

«Береке» ауылы - Елтай ауылдық округінің орталығы. 9 шағын ауылдан келген науқастар «Берекеге» келеді. Орын тапшылығынан аудандық ауруханаға жіберуге мәжбүр. Бірақ халықтың санын да ескергеніміз жөн. Өйткені біздегі шағын ауылдардағы халық саны емхана салуға жетпейді. Оның да өз талабы бар. Әрине, тұрғындардың денсаулығы біз үшін маңызды. Сондықтан тұрғындардың өтінішін қабылдап, тиісті органдарға жолдаймыз. Әр елді мекен бойынша халық саны нақтыланатын болады. Үлкен емхана болмаса да, шағын ауылға амбулаториялар салынуы мүмкін. Бүгінгі күні Исаев ауылындағы дәрігерлік амбулаторияның құрылысына жер телімінің құжаттары әзірленуде. Сондай-ақ Көкөзек ауылында дәрігерлік амбулатория салу үшін жер телімі қарастырылып жатыр.

Дайындаған Макпал НОҒАЙБАЕВА

P.S.

Өз әкіміңізге сауал жолдағыңыз келсе, газет редакциясына хабарласыңыз.
☎ Телефон: 8 (727) 272-43-39; 8 (727) 272-43-25
📞 WhatsApp: 8 747-887-13-44
✉ E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

Түйін

Оқырман қауым ұмытып қалған шығар, он шақты жыл бұрын апта сайын газетімізде «Айт-Парк» клубында өткен пікірталасты жариялайтынбыз. Қарапайым кітап дүкенінде сұхбатты Нұрлан Ерімбетов жүргізетін. Еркін әрі ашық әңгіме түрінде өтетін. Алматыны былай қойып, ел астанасынан, басқа қалалардан келетін қоғам қайраткерлеріне, лауазымды тұлғаларға журналистер де көкейдегі сауалын қойып жататын. Әр түрлі қызметте істеп, өмірден мол тәжірибе жинаған марқұм ағамыздың негізгі мамандығы мәдениеттанушы болатын. Содан ба, әйтеуір, баспасөзге жақын, оқымаған кітабы жоқ, саясатты да, өнерді жетік білетін.

Бір жолы клубка Сейдахмет ағамыз (С.Құттықадам) келді. Тақырып әдебиеттегі бүгінгі кейіпкер жөнінде. Модератор әңгімені әріден, әлем классиктерінен бастады. М.Лермонтовтың атакты шығармасына («Біздің заманымыздың қаһарманы»), өмірде өз орнын таппаған Печоринге тоқталды. Содан кейін «Біздің бүгінгі әдебиеттегі басты кейіпкер кім?» деген сұрақты көлденең тартты. Сөйтті де, жауап күтпей, өз пікірін ортаға салды: «Сайранға» (Алматыдағы автобекет) автобус келіп тоқтады. Жұрттың соның ала екі жолаушы шықты. Жігіттің қолында ескі чехолдан, жас келіншек құндақтаулы сәбиімен. Бұлар жұмыс пен жайлы өмір іздеп, ауылдан

Нұрлан Ерімбетов айтқан келешегі күнгірт дәл осы жігіт бүгінгі күннің басты кейіпкері. Міне, содан бері біраз уақыт өтті. Ауылдан кетіп, алып шаһарға бет алғандардың қарасы молаймаса, азаяр емес. Мегаполисте құрылысқа жегілсе де, көлік жуса да, әйтеуір, бір жұмыс табылады. Ал қандастар үсті-үстіне ағылып жатқан Жанаөзен мен өндіріс ошағы тұралап қалған шағын қалада ескі қолға бір күрек табыла бермейді. Оның үстіне бізде дамыған елдердегі ірі кәсіпорындардың маңына шоғырланатын шағын және орта кәсіпкерлік жоқтың қасы. Мұны тарқатып айтсақ, алпауыт компанияның тапсырысымен қарапайым құрал-сайман, қосалқы жабдық, арнайы киім, азық-түлік өндіре алатын цех ашу қолға алынбады. Рас, тұрғындар саны күрт өскен сол Жанаөзенде «қара алтын» өндірушілерге қызмет көрсететін компаниялар баршылық. Кейінгі жылдары осы кәсіпорындар өкілдері жиі ереуілге шығады. Талабы біреу. Бәрін дерлік сырттан таситын, қымбатшылық жайлаған өңірде жалақыны өсіру.

Ақыл айтып, жөн сілтеп отыратын ата-анадан, тәлім-тәрбиенің қайнар бұлағы қара шанырақтан алыстаған бозбала мен бойжеткеннің бөтен ортаға сіңісіп кетуі де онай емес. Тұрмыс тауқыметі, тұрақты табыстың болмауы түрлі келеңсіздікке әкеп соғады. Ажырасу дерегінің көбеюі — соның бір көрінісі. Қылмысқа ұрынуы да онай. Көптеген елдердің тәжірибесі көрсеткендей, қоғамнан сырт қалған, өмірден түңіле бастаған мұндай жастар теріс ағымның, экстремистік және ланкестік топтардың қармағына онай түседі.

СЫРТ ҚАЛҒАҢДАР



қалаға келгендер. Күтіп тұрған ешкім жоқ. Қайда барары да белгісіз. Бөтен жерде ешкімді танымайды да, білмейді де. Келіншек «енді не істейміз» деген сұраулы жүзбен күйеуіне көз тастады. Отағасы шарасыз кейіппен жалтақтап, жан-жағына қарайды».

Жұмыссыздық пен әлеуметтік наразылықтың түп-тамырына үңілген мамандар бірнеше себепті атайды. Біріншісі — ішкі көші-қон мен сырттан келген қандастарды орналастыруда жүйелі іс-әрекеттің жасалмауы. Әр өңірдің әлеуметтік-

экономикалық, демографиялық, экологиялық ерекшелігі мен жұмыс күшіне деген сұраныстың ескерілмеуі. Екіншіден, халықтың басым бөлігінің табысын өсіріп, әл-ауқатын жақсартуы тиіс еңбекпен қамтуға арналған мемлекеттік бағдарламалардың орындалмауы. Тұрақты жұмыс істейтін әрі еңбек күшін көбірек қажет ететін өндірістің құрылмауы. Оның орнына қазынадан бөлінген миллиардтарға уақытша немесе өтірік жұмыс орындары ашылды. Әкім-қараның жоғарыға берген есебіне қарасан, бәрі «қатып» тұр. Кейбір елді мекенде ашылған жұмыс орны сол жердегі еңбекке жарамды азаматтардың санынан асып түседі. Ал қаладағы жол жөндеу, гүл отырғызу сияқты уақытша еңбекке көрші елдерден келген гастарбайтерлер тартылды. Бұл сапаға бас қатырмайтын мердігер компанияға тиімді. Болмасын тиын-тебен төлеп, тендерден түскен қыруар қаржыны қалтаға басады.

«Кейде адвокат Юхан Крон мұнай таусылады, сөйтіп оның отандастары күнкөрістің қатал заңымен жүретін шынайы тіршілікке қайта оралуға тура келетін күнді ойлайды. Бір жағынан адамдар жана жағдайға тез бейімделіп кетеді деген сенім бар. Өйткені соғыста белі бүгілгендер еңсесін тез тіктеп алады. Әйтсе де, «инновация мен заманауи технологияға ұмтылмайтын мемлекет (*Норвегия*) сол бұрынғы таз қалпына түседі, Еуропада ең кедей ел болып қала береді» дейтін ой басым түсіп жатты». Норвег жазушысы әрі журналист Ю Нёсбенін «Пышак» атты шығармасындағы кейіпкер өз елі мен халқы қазба байлықтың «қарғысына» ұшырамаса екен деп аландайды. Норвегия «голланд кеселі» деп те аталатын «қарғыстан» аман қалды. Шикізатқа телміріп отыра бермей, экономикада диверсификация (*әртараптандыру*) жасады. Дайын өнім шығаруға мән берді. Елдің климаттық жағдайын ескеріп, қысқы туризмді дамытты. Біздегі Көкжайлау сияқты тау шатқалдары Олимпиада ойындары, әлем біріншілігі өтетін шаңғы орталығына айналды. Ең бастысы, қаладан қашық елді мекенде тұратын, қалаға кеткісі келетін жастарға жұмыс табылды.

Скандинавия түбегіндегі сәтті тәжірибе тек мұнайға арқа сүйеп отырған көп мемлекетті ойландыруға тиіс озық өнеге. Әсіресе, жастары жұмыс таппай жүрген біздің елге. Он шақты жыл бұрын билеуші партияның өкілінен сұхбат алғанбыз. «Сіздің партияңыз жұмыссыз жастардың арасына бара ма, олардың мұн-мұқтажын тыңдай ма?» деген мазмұнда сауал қойғанбыз. Баратыным айтқан. Қантар қасіреті қоғамдық ұйымдардан гөрі күрмеуі көп бұл мәселеге ең алдымен мемлекеттің мән беруі тиіс екенін көрсетті.

Срайыл СМАЙЫЛ

Мәселе

ЖҰМЫССЫЗ ЖАСТАР НЕ ДЕЙДІ?

Жұмыссыздық қазіргі қоғамның дертіне айналды. «Екі қолға бір күрек» таба алмай жүрген жастарымыз қаншама? Жоғары оқу орнын тәмамдаған жас маман тәжірибесінің жоқтығынан мамандығы бойынша қажетті жұмысына орналаса алмайды. Ауылдағы жастардың жайы тіптен бөлек, тұрақты жұмыс болмағандықтан қала маңын торып кез келген жұмысты істеуге мәжбүр. Біз жұмыссыздықпен бетпе-бет келіп, қоғамда осы мәселенің шешілуін сұрайтын жастарды әңгімеге тарттық. Олардың айтатын өз уәжі бар.

Ерлан МЫРЗАХАНОВ, құрылысшы:



Орта мектепті тәмамдап, қалаға келіп құрылыс саласына бірден араластым. Ең алдымен қабырғаны сылау, кафель орнату сынды жұмыстарды үйрендім. Жоғары оқу орнына түсе алмадым, бірақ құрылыс саласында жеңіл жұмыстарды істеп жүре бердім. Тұрғын үй кешенін де салу оңай емес. Құрылыс компаниясы қаржы болса жұмысты жүргізеді, қаржы болмаса құрылысты тоқтата салады. Бірнеше ай айлығымызды алмаған күндеріміз болды. Оның үстіне отбасылы болып, балалар дүниеге келгеннен кейін жауапкершілік арта түседі. Алматының шеткі аудандарының бірінде пәтер жаладан тұрамын. Ата-анам ауылда, зейнет жасындағы кісілер. Ауылға барып ата-анам қарайласайын десем, ауылда тұрақты жұмыс жоқ. Біз бастауыш сынып оқып жүрген кез әлі есімде, ауылда үлкен азық-түлік дүкені, кітап дүкені, асхана, монша, мәдениет үйі, тіпті нан пісіретін наубайхана болатын. Тәуелсіздігімізді алғаннан кейін ол нысандардың есігіне қара құлып салынды. Қараусыз тұрғандықтан ауыл халқы да әлсіз ғимараттарды тонай бастады. Жағдайы бар деген тұрғындар қалаға қарай қоныс аударды. Қазір сол ғимараттардан тек бір уыс үйінді қалды. Шыны керек, ауылда оқитын оқушы да қалған жоқ. Әр сыныпта 7-8 баладан. Үкімет ауыл жастарын назарына алса деймін. Оларға арнайы бағдарлама керек. Қазақстанның барлық жері мал өсіру мен егіншілікке қолайлы. Тым болмаса, осы салаларға арнайы жоба жасаса. Ауыл шаруашылығын назарға алып, арнайы мамандықтар аңса, жастар да ауылға ағылар еді. Мен де бір жағынан отбасымды, бір жағынан ата-анамды қарап, ауылдағы қара шаңырақтан кетпейтін едім.

Еркін ЕРСІНҰЛЫ, такси жүргізушісі:



Алматыдағы ҚазақҰАУ су ресурстары факультетінде білім алдым. Мамандығым еліміздегі су қоймаларымен тығыз байланысты. Бірақ қолыма диплом алғаннан кейін мамандығым бойынша жұмысқа орналаса алмадым. Түйіндеме жіберген біраз мекеме осы салада тәжірибем жоқ екенін айтып, шығарып салды. Төрт жыл бойы алған білімім зая кетті. Дипломым осы күнге дейін сандықтың түбінде жатыр. Қазір қаланың өзінен тұрақты жұмыс табу қиын. Әпкем жұмыссыз жүргенімді көріп өзінің атынан несиеге көлік алып берді. Қазір көліктің ай сайынғы төлемі мен күнделікті азық-түлікке ақша табамын деп күндіз-күні жолаушы тасимын. Алматы — үлкен қала. Мен сияқты такси айдап жүргендер де өте көп. Жұмыстың жоқтығынан кейбір ағаларым мен інілерім көше бойын жағалап, жалдамалы жұмысшы болуға дайын. Ол да біресе бар, біресе жоқ нәрсе. Жоғарыдағылар жұмыссыз жастардың саны артты деп жыл сайын есеп береді. Бірақ жұмыссыздардың неге көбейіп жатқандығының себебін айтпайды. Жастарды жұмыспен қамту үшін қандай мамандықтар сұранысқа ие, қандай техникалық білім керек екені де зерттелмеген. Қазір жас жгііттердің көбісі кузетші, такси жүргізуші, базар маңын торуылдап жүрген жүк тасымалдаушы болып кетті. «Бос қалғанша осы жұмысты да қанағат тұтайық» дейтіндері бар. «Қоғамның қозғаушы күші — жастар» дегенімізбен, жастарға айтарлықтай көңіл бөлініп жатқан жоқ.

Іңкәр СӘРПЕКОВА, кондитер:



Қазір жұмыссыз қалудан қорқатын болдық. Өйткені алып шаһарда қалтаңда тыын-тебенің болмаса, автобұсқа да міне алмайсың. Сондықтан жұмыссыз қалудан қорқамын. Таңғар трассасында орналасқан асхананың бірінде аспаздың көмекшісі болып жұмыс істедім. Аспаз кейде жұмысқа шықпай қалса, оны алмастырып орнына шыға беретінмін. Біраз нәрсені үйреніп келе жатқанымыда коронавирус біраз кәсіпті тұраламтты. Біздің асхана да жабылды. Өйткені бізге тапсырыс беретіндер көбінесе үлкен мейрамханалар мен тойханалар еді. Олардың жұмысына ішектеу қойылды. Жұмыссыз бірнеше ай үйде жатып қалдық. Тұрақты табыс болмаған соң ертеңгі күніне де алаңдайды екенсің. Қаладағы құймақ пісіретін орындарда да азын-аулақ қаржыға жұмыс істеп жүрдім. Одан бөлек, жұмыс істей жүріп желілік маркетингке бірнеше рет алдандым. Жарнаманы қатырып жазады. Ал әңгімелесуге барғанда желілік сауда екенін бір-ақ түсінесің. Соңғы кезде ондайлардың жарнамасы тіптен көп. Жұмыс таппай отырған адамға айдағы аспанды армандау дұрыс емес. Жарнамадағы көрсетілген ақша шындықпен жанаспайды. Ал мол пайда табу үшін біраз адамды тарту керек. Қазіргі қоғам осындай. Бірін-бірі адаудан құрылған жүйе. Орташа айлық Алматыда 250 мың теңгеден асты деген жаңалықты оқыдым. Қарапайым халық ондай цифрдың бар екеніне күмәнмен қарайды. Ондай жоғары айлық алып жүргендер кімдер? Тапқаны азық-түліктен артылмайтын таныстарымызды көріп жүрміз. Бәріне кіналі — жұмыссыздық.

Макпал НОҒАЙБАЕВА

Мәселе Еліміз тәуелсіздігін алған жылдарда жүргізілген жекешелендіруден кейінгі шаруа ірілендіру болып еді. Бір облысты таратып екіншісіне қосты, ауданды таратып, бөліп басқаға телді. Жұмыссыздықтың белең алып, тұрғындардың ауылдардан үдере көшуіне де осы ірілендірудің әсер еткені анық. Енді негізгі айтапымызға ойысайық.

1997 жылы жоғарыдағылар іргелі Шелек ауданын көрші Еңбекшіқазақ ауданына жергілікті тұрғындардың келісімінсіз қосты да,

өңдеп-сақтап, өнім дайындап, 4 ауданның шаруашылықтарын жем, құрама жеммен қамтамасыз еткен еді. Байланыс торабы ЭТУС бөлімі бірнеше аудандардың телефон байланысын реттесе, өңірдегі «Радиоцентр-7» бірнеше тілде жаңалықтарды көптеген мемлекеттерге таратып келді. Одан бөлек, бір емес, бес бірдей аудан бойынша автокөлігі есебін жасайтын, тіркетін, қална береді, жүргізуші куәліктерін беретін мекеме де бар еді. Өңірде мал базарының да саудасы жүріп, шаруалар ақтылы малын әкеп сатып, еңбегінің өнбегін табатын.

1997 жылға дейін Шелек өңіріндегі жұмысы жанданып, адам денсаулығына араша болған Қазақстан ауылында – 100, Қаратұрық ауылында – 100, Қорам ауылында – 25, Қайрат

ШЕЛЕК АУДАНЫ ҚАЙТА ҚҰРЫЛСА, ӨЗІН-ӨЗІ АСЫРАЙ АЛАДЫ




Фото: voxpopuli.kz.

аудандағы тұрғын саны 300 мыңнан асады. Бұл дегеніміз бойынша аумағы мен халқы саны жағынан бірінші аудан.

Территориясынын
үлкендігі мен халық саны жағынан бүкіл
ел бойынша бірінші орында тұрған аудан.
Салыстырмалы түрде айтсақ, еліміздің 17
облысында 163 ауылдық аудандың 133-інде
5 мың 700-ден 70 мыңға дейін адам тұрса, ал
Шелек өңірінде 120 мың адам тұрып жатыр.
Осының өзі-ақ бұрынғы Шелек ауданын қайта
бөліп, жана ауданның бой көтеруіне сұранып
тұрған жок па?!

1997 жылы онтайлануға түспеген, яғни таратылмаған, басқа аудандарға бірікпеген Алматы облысындағы аудандардағы халық санын салыстырып қарайықшы.

ЖЕР КӨЛЕМІ	ХАЛЫҚ САНЫ
Ақсу ауданы 12,6 мың шаршы метр	40 500 адам
Көксу ауданы 6,9 мың шаршы метр	40 800 адам
Ұйғыр 8,7 мың шаршы метр	63336 адам
Балқаш 37,4 мың шаршы метр	30065 адам
Ескелді 4 мың шаршы метр	50163 адам
Қаратал ауданы 24,2 мың шаршы метр	47717 адам

Ақсу, Көксу, Балқаш, Қаратал аудандарының әрқайсысындағы халық саны 35 мың тұрғыны бар бір ғана Шелек ауылына пара-пар.

Шелек ауылы тоғыз жолдың торабында орналасқан. Халықаралық маңызы зор Алматы – Қорғас теміржолы, Шелек стансасы бар. Өңірдің 130 км жерін басып өтетін Батыс Еуропа – Батыс Қытай таң жолы салынып, логистикалық орталық салу мүмкіндіктері ашылды.

Шелек өңіріне газ құбыры тартылып, бір-екі жылда тұрғын үйлер мен мекемелерді газбен жылыту мәселесі шешілгелі тұр.

Өңірде 6000 шаруа қожалығы, 100 ЖШС, 2 мың 196 жеке кәсіпкер, 2 шарап зауыты жұмыс істеп, өңдеу және өнеркәсіп орындары ашылуда.

Көптеген өңірлерде урбанизация салдарынан елді мекендер жабылып жатқаны ақиқат. Ал біздің Шелек өңірінде Кеңес кезіндегі кеңшар бөлімшелері болған Ақтоған, Ақтума, Бабатоған, Бесбаз, Бұрандасу, Қызылбаз,

ауданды таратты. Бүгінде Шелек өңіріндегі 46 елді мекенде 33 ұлт өкілдерінен 120 мың халық өмір сүріп келеді.

Әр нәрсе салыстырумен нақтыланады, елеспекшіленеді. 1997 жылға дейін Шелек жолашуы тасымалдау кәсіпорны Нарынкол, Кеген, Ұйғыр аудандарының тұрғындарын Алматы қаласымен байланыстырып тұрды. Алматыға тым шалғай аудандардан адамдары орта жолдағы Шелекке аялдап, аяқ суытып, автобус ауыстырып, қалаға қарай тартатын. Газбен қамту кәсіпорны 5 аудан халқының көгілдір отынға деген сұранысын толығымен өтеп тұрды. Кіріспі зауыты құйдырлған кіріпшесін 5 аудан халқының қажеттілігін қамтамасыз етсе, тігін фабрикасында 200 әйел жұмыс істеп, облысты қойып, республика көлемінде арзан өнімдерін тұтынушыға ұсынды. «Казсельхозтехника» бөлімшесінің 120 жұмыскері 4 ауданның комбайн, трактор моторларын жөндеуден өткізіп, кем-кегіін бүтіндейтін. Алыс ауылдардағы ағайын босқа сандаймай Шелектен келіп жоғын тауып, бузылған техникасын бүтіндеп кететін. Жүгері өнімдерін өңдеу және құрама жем жасайтын зауыт 30 мың тонна астықты қабылдап,

ауылында – 25, Бижанов ауылында 50 орындық ауруханалар болды. Шелек ауылында туберкулез, тері аурулары, терапия ауруханалары жабылып, есігіне қара құлып ілінді. Осыдан кейін бүкіл ауыртпалық Шелек ауылдық ауруханасына түсіп, дәрі-дәрмек, дәке, ине, төсек орын т.б. жетіспеу салдарынан ауру асқынды. Амал жоқ, наукас адамдар шалғайдағы аудан орталығына баруына тура келді. Алматыға жол жүрді. Әлі де солай.

1997 жылғы аудандық кіріс басқармасының саралауы бойынша, Еңбекшіқазақ ауданының жылдық бюджетінің 62,5 пайызы Шелек өңірінің 33 елді мекендерінің үлесіне тиесілі еді.

Шелек ауылында бұрынғы кәсіпорындардың ғимараттары: сүт зауыты, нан зауыты, автобус паркі (150 автобус, 2 гектар қалыңды), «Казсельхозтехника» (бірінесе қойма, цех), жүгері өңдеу зауыты (21 га), құрама жем шығару зауыты, автобаз (200 жас тастыңмен автомашинаға арналған), Шелек тігін фабрикасы, ПМК 701, СПМК-3, Шелек тұтынушылар одағының автопаркі, «Филип Моррис» темекі қабылдау, жеміс консервілеу цехтарының ғимараты қазір қанырап тұр. Бес тұрған ғимараттарды бекер жіткенге жолықпз. Ол – мүмкіндік. Бір ғана жүгері қабылдау, өңдеу зауыты 21 гектар жерді алып жатыр. Кезінде кәсіпорын 30 мың тонна астықты сақтап, өңдеп, көрші 5 аудан шаруашылықтарына өнім беріп отырған.

Аудан қайта бөлінер болса, бұрынғы жүйенің бойына қан жүгіртіп, жүйені бір ізге түсірсе, қаншама адамға жұмыс орны ашылар еді. Сенделген жастар қалаға неліктен ағылады?



Дереккөзі: «Ұлттық тестілеу орталығы»



E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

Дабыл

Күнгедейгі каланың қысы аса қытымыр емес. Десе де, көпқабатты үйдің іші азынап тұр. Ал орталық жылыту қазандығы тәулік бойы тынымсыз жұмыс істеуде. Бірақ бұдан тұрғындардың тізесі жылитын емес. Сондықтан тонып секіргендер электр жылытқыштары мен жылы ауа үрлейтін кондиционерді мүлде өшірмейтін болған. Тіпті үйдің ішінде қабаттап киініп, қыстық күртешемен жүруге мәжбүр.

Бибі Жұмағұл, Кентау қаласының тұрғыны: «*Міне, үйіміз мұздай. Жылу жоқ. Сондықтан біз мына электр жылытқышты қосамыз. Балаларымыз қайта-қайта*

Кентау қаласының тұрғындары қыстың көзі қырауда дірдектеп отыр. Өйткені көпқабатты үйлерге қараша айынан бері жылу жөнді берілмеген. Пәтер іші қара суық. Соның салдарынан тұрғындар тұмауратып жиі ауыратын болдық дейді. Ал жауаптылар: «Жер үйлерді орталық қазандыққа қосқаннан кейін қысым азайып кетті», – деп қол құсырып отыр.

орталығының мамандары дереу жетіп келеді. Мамандар біздің бар жұмысымыз жылуды үйлердің жергөлесіне дейін жеткізіп беру дейді. Бірақ пәтерлердің ішінде неліктен жылу жоқ дегенді сол күйі түсіндіре алмайды. Сондықтан ашуға мінген тұрғындар әкімдікке емес, енді әкімнің үйіне барамыз деп байбалам салған. Бірақ наразы топты жылу орталығының директоры тоқтатты. Басшы орталық жүйеге жер үйлер мен коммерциялық нысандар көптеп қосылып, соның салдарынан көпқабатты үйлерге қысым жетпей жатыр дейді. Сондықтан тонып секіргендердің мәселесін «біреу күнде шешіп берем» деп тағы да уәдені үйіп-төкті.

Кентау сервис мекемесінің директоры Асхат Әбдірасылов бұл мәселеге қатысты былай делі: «Қазір мына тұрған үйлерге насос аламыз. Осы аптада толық насос қоямыз. Оны орнатуға бір күн кетеді. Биылға сол насоспен амалдаймыз. Қазіргі мақсат – қыстан аман-есен шығу. Келесі жылға айтып жатырмын ғой, бүкіл коммерциялық құрылымды жылу жүйесінен ажыратамыз. Тойхана, дүкен, жер үйлерді. Келесі аптадан бастап пәтер ішінде 22 градус жылы болады деп уәде беремін».

Алдағы уақытта орталық жылу жүйесіне жалғанған жер үйлер мен кәсіпкерлік нысандарды жылусыз қалдырамыз деген басшылар қосымша қойылатын сорғыларға ақша қарастырып жатыр екен. Бірақ жылыту маусымы басталарда тәжірибе ретінде көпқабатты үйлердің біріне сондай қондырғы орнатылған. Бірақ одан баспаналар жылып кеткен жоқ дейді тұрғындар. Сондықтан қыс басталғалы қалтырап отырған кентаулықтар ертерек күн жылынып, көктемнің шыққанын асыға күтеді.

ауырады. Үйде жылу жоқ болса да ай сайын түбіртек келеді. Жылудың ақшасын төле дейді. Біз оны неге төлейміз? Біз жарық үшін төлейміз бе, жылуға төлейміз бе?» – деп ашынады.

Жылуға жауапты мамандар әуелде біреу күнде мәселе шешіледі деген. Кейін жылу батареясындағы ауаны шығара алмаған өздерің кінәлі деп бар жауапкершілікті тұрғындарға арта салған. Бірақ жаураған жұрт құбырдағы ауаны күніне бірнеше мәрте шығаратынын айтады.

Кентау қаласының тұрғыны Әлия Кенжебаева: «*Кентауда жылу маусымы қиын болып тұр. ЖЭО нақты себебін бізге айтпайды, айта алмайды. Бес адамдай келеді де, жергөледен ауа шығар дейді. Ауасын шығарамыз, екі сағатқа жетпей қайта суып кетеді. Осы жұмада тіпті суық болды. Жылу мүлдем жоқ. Әкім де, оның орынбасары да хабардар, ЖЭО бастығы да біледі. Бірақ ешқандай шешім жоқ. Бізді естіп жатқан жоқ», – дейді.*

«Суық үйде ауру боламыз» деп шулаған тұрғындар әкімдікке бармақшы екен. Мұны естіген жылыту

Диас НҰРАҚЫН

Білім

Рим философы Сенека «Басқаларды үйрете отырып, өзіміз де үйренеміз» дегендей, үнемі ізденіс үстінде жүретін ұстаздар бар білгенін ортаға салып, бір-бірімізбен тәжірибе алмаса жүріп, оқытып та, тоқып та аламыз. Инновация сөзін қазақтың «тапқырлық», «жансалық» сөздерімен тең қолдануға болады.

Жуырда «Алматы облысы білім басқармасының Іле ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№ 43 орта мектеп» МКМ-де директордың оқу-әдістеме ісі жөніндегі орынбасары Назира Мақұлбекованың ұйымдастыруымен, тәжірибелі ұстаздардың қатысуымен математика-информатика онкүндігіне орай жас мамандар арасында «Инновациялық педагогикалық идеялар жәрмеңкесі» атты форум өтті.

Форумның мақсаты – ұстаздарды шығармашылық жағынан өзін-өзі жетілдіру және кәсіби біліктілігін арттыруға ынталандыру, инновациялық тәжірибесін зерделеу және тарату. Бұл жәрмеңкеде жас мамандар жұмыла қатысып, өздерінің тың идеяларымен бөлісті. Өз ұсыныстарын ортаға салып, жобаларын қорғады. Нәтижесінде Өмірзақ Мүсілім «ISpring Suite», Фариза Серімбетова «Creation Pro», Аружан Омарқызы «Мектеп телевизиясы», Айғаным Тоғай «Жұмыс дәптері дүниежүзі тарихы», Еркебұлан Асхат «Қашықтықтан оқытуда Padlet виртуалды тақтасын тиімді қолдану», Айдана Манарбекқызы «Бейнесабакты каналға жүктеу мен QR-кодпен жұмыс істеу», Гүлбану Сарбасова «Қазақ тілінің ереже дәптері» секілді жұмыстарын қорғап, көзге түсті. Форумға қатысқан білікті ұстаздар еңбегімізді жоғары бағалады. Тарих пәнінің мұғалімі, зерттеуші ұстаз Жадыра Әнуарбекқызы арнайы дипломдармен

марапаттады. Бір-бірімізге ой салып, тәжірибе алмасып, тың идеялардың куәсі болдық. «Айтушы ақылды болса, тыңдаушы дана болады» деп халқымыз тауып айтқандай, әр мұғалім заманға сай өз білімін жетілдіріп, жаңа талапқа сай инновациялық идеяларды өз тәжірибелерінде тиімді пайдаланса, оның нәтижесі қонымды болмақ. Қазіргі жас маман болашақта мықты ұстазға айналады.

Гүлбану САРБАСОВА, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ИДЕЯЛАР ЖӘРМЕҢКЕСІ



(Басы 1-бетте)

ДҮНИЕГЕ ҰЛ КЕЛДІ, ЕСІМІ ОНЫҢ НҰРКЕЛДІ

ЭКСКЛЮЗИВ



...Күні кеше Атырауда 52 жасында алғаш рет ана атанған Айгүл Нұржігітқызымен әңгімеміз осылай басталды.

Құлсарылық Ибрагим Шаукировтың отбасы үшін 19 қаңтар — ерекше бақыт әкелген, қуанышты күн. Сәби иісін ансаған отбасының арманы ақиқатқа айналып, өмірге шекесі торсықтай ұл келді.

...Олардың отасқандарына 2 жыл болыпты. Отағасы тағдырдың жазуымен осыдан біраз жыл бұрын жары өмірден өтіп, екі қызымен қалған екен. «Ұлымыз 20 жасында көлденең ажалдан көз жұмған сәттен бастап, анасы дертке шалдықты. Үлкен қызымызды ұзатып, ұрпақ қызығын енді көреміз деген сәтте бақилық болды», — дейді Ибрагим Дәулетұлы өткен күндерді ой елегінен өткізе отырып. Кіші қызын өз қолымен ұзатып, құрылыс саласындағы кәсібін де дөңгелетіп отырған отағасы қартайған шағында біріне-бірі демеу болар жар керегін түйсігіне түйгенімен, оны іздеп, сарсылмаған.

«БІЗДІ ТАҒДЫРДЫҢ ӨЗІ ЖОЛЫҚТЫРДЫ»

Аяулы анасын бағып, ардақты жан келместің кемесіне мініп кеткен шақта, жалғыз қалған Айгүл Нұржігітқызымен бас қосуын отағасы бір-ақ ауыз сөзбен сипаттады. Көңілінің түкпіріндегі сырын ақтарған ардақты азамат алғашқыда бұл мәліметтерді жазуымызға қарсы болды. Алайда сәлден соң «Бәлкім, менің өмірім өзгелерге мотивация болар, жаза беріңіз. Сол үшін де келісімді беремін. Әйтпесе, аяушылық сезімін тудыру үшін айтып отырғаным жоқ» деп қысқа қайырды.

Бізбен әңгімесінде Айгүл Бисенбаева: «Біздің отбасында ұл болмады. Мен — егіздің сынарымын. Ол кішкентай күнінде қайтыс болған соң, әкем басқа отбасына кетті. Анамды қартайғанша бағып, ақ батасын алдым. Әркез «жалғыз қалатын болдың-ау» деп мені уайымдап отырушы еді», — делі.



Жазмыштан озмыш жоғы рас. Екі тағдыр тоғысып, жарасымды тірлік кешу жолында шешім қабылдаған сәтте, айналадағы ағайын-туғандар да бұл отбасына бақыт тілеп, қолдау білдіріпті. «Айгүл — отағасын сыйлайтын, үлкен әулеттің сыйлы келіні» дейді отағасы да марқайып. «Алғашқы кезде өзім үшін бала туып аламын деген ойым болды. Кейін тағдырымыз түйіскен соң, жасымыздың да біразға келгенін айтып, отағасына ЭҚҰ туралы айттым. Ол сәл ойлана келе, келісті».

Осылайша, екеуінің көңіліне үміт пен сенім ұялап, Атыраудағы «Экомед» клиникасына арнайы келіпті. Мұндағы мамандар оларды бірауыздан қолдап, үміттерін үзбеу керектігін баса айтады. Сынамалар тапсырып, дәрігерлерге ұзақ уақыт қаралған соң, астаналық клиниканы таңдапты. «Алғашқы әзірде сөз бар, көз бар дегендей, ешкімге ештеңе айтпадық. Аспаздық жұмысымнан да шығып кеттім. Тек біз күткен нәтижеге жеткенде ғана туыстарға айттық», — дейді Айгүл Нұржігітқызы. «Атыраудағы клиникаға келгенде репродуктолог Гүлсара Жәрдемқызының қолдауын, демеуін сезіндік. Үнемі жігерлендіріп, тұтастай ұжым бізге тек жақсылық тілеумен болды. Кейін «Экомед Астана» клиникасына барғанда дәрігеріміз Гүлнұр Маулиеваға тап болғанымызды да бағымыз деп білеміз. Жүктілігім қалыпты өтті. Айы-күнім жетіп, бүгін-ертен деп күн санап отырған сәтте ауырып, «жедел жәрдеммен» Құлсарыдан Атырауға жеттік. Денсаулық жағдайыма байланысты дереу ота жасау туралы шешім қабылданды. Отадан кейін көзімді ашқанымда «Ұлыңыз бар! Құттықтаймыз!» деген сөзді естігендегі қуанышымды сөзбен айтып жеткізе алмаймын. Сәби сүю, өмірге ұрпақ әкелу — әр ананың арманы. Маған да осындай бақ бұйырғанына қуаныштымын!» — дейді бақытты ана қуаныштан бал-бұл жанып.

«Кіндік әке-шешесі кім болды, перзентхананы түгел «шулатқан» боларсыздар, сірә?» дейміз сөзге тартып. «Жо-жоқ, қайдағы, керісінше, ұялып, ешкімге де айтпадық. Кіші қызымыз Салтанат, күйеу баламыз Серікболсын, кішкентай жиеніміз Нұрәли және құдағиымыз Шәрипа ғана болды қасымызда», — дейді Айгүл ана қазақы ұяндыққа салынып. «Бесік тербеп, бөбегіңізді қызықтап жүрсіз бе?» дейміз отағасын да әңгіме желісіне икемдей түсіп.

«Мал сойып, сырттағы шаруаларымды үйлестіріп, қазір келдім. Анасы бар. Кішкентай ғана бір баланы өзі қарайды емес пе? Ен бастысы, аман болсын!» дейді Ибрагим Дәулетұлы ер мінезділігінен таймай. «Құттықтап, бізге деген тілегін жаудырып жатқандарда есеп жоқ. Әсіресе, қыздарымыз Нұрғұл мен Салтанат қатты қуанып жүр. Інісінің атын кіші қызымыз Салтанат «Нұрқелді» деп қояйық делі. Осылайша, үйімізге нұр келіп, бәрімізді шат-шадыман қуанышқа кенелтті! Қазіргі медицинаның дамуы біздерге зор мүмкіндікті сыйлады. Әр анаға сәби сүю бақыты бұйырса екен!» — деп түйінделі Айгүл Нұржігітқызы әңгімесін.

Отағасы да «Тағдырыма ризамын. Балалар бақытты болса, ата-ана да алаңсыз болады. Ел аман, жұрт тыныш болғай!» деген ақ тілегімен әңгімесін түйінделі. Біз де олармен қош айтысып, бақыт тіледік. Сәби ансаған аналардың армандары орындалып, бақытты бөбектер көбейе берсінші! Біздің тілек осы!

Нүргүл НАСЫР, Атырау қаласы

Естелік

Есікті Жәмила жеңгей ашты.
— Амансын ба, қарағым. Көрінбей кеттін ғой?
— Иссапармен Көкшетау облысында болып қайттым.
— Келген кім?! — деген Баукеннің қарлығынқы даусы естілді.
— Келген Мамытбек балаңыз.
Мен аяккіімімді босағаға қалдырып, есігі ашық тұрған Баукеннің бөлмесіне ендім. Ол кісі төсегінде ойға батып жатыр екен. «Ассалаумағалейкум, аға» деп қолымды ұсынып едім, алмады.
— Мен әлхамдулла мұсылманмын. Сен кімсің?
— Мұсылманмын.
— Әлхамдулла сөзін қайда?
— Кешірерсіз. Әлхамдулла мұсылманмын.



— Е, енді жөнге көштің. Мұсылманның тәртібі бойынша жуынып-шайынбаған, төсекте жатқан адамға қол ұсынбайды.
— Кешірерсіз.
— Кайда жүрсің? Бір-екі телефон соғып, сені ала алмадым ғой.
— Мен Көкшетау облысының Зеренді ауданында иссапарда болдым. Табиғаты да, адамдарының жан дүниесі де сұлу екен.
Өлең жаздың ба?
— Жаздым.
— Оқы.
— Қойын дәптерімді алып «Зеренді» деген өлеңімді оқыдым.

*Зеренді, неткен сұлу ең,
Көлдерің көз арбаған.
Өзіңді құлай сүйдім мен,
Асып-тасып арнадан.*

*Алдымнан шығып анамдай,
Аймалап сүйді самалың.
Сыр шерттім, үнсіз қала алмай,
Таусылып тағат, амалым.*

*Әлдилеп жаның ізгі үміт,
Ақ қайыңдар билеген.
Қарағай тұрды тізіліп,
Ешкімге бас имеген.*

*Зеренді, сенім сыйладың,
Мейірімді ең не деген?!
Қоштасарда қимадым,
Мейірімге жан ем шолдеген.*

*Көкірегімде сақтармын,
Зеренді деген атыңды.
Үмітіңді ақтармын,
Қабыл ал махаббатымды...*



— Шіркін, ел көргенге, жер көргенге не жетсін?! Ондай мүмкіндік енді менде жоқ. Саған жайдан-жай қонырау шалмайтынымды түсін. Кенет келіп қалған ойымды ұмытпай тұрғанда, тірі кезімде саған айтып кетейін деймін. Тілім байланып, сөйлей алмай қалуым да мүмкін. Әзірше сөйлеуге шамам барда айтарымды айтып үлгерсем деймін. Жай кезде сені мазалағым келмейді. Себебі, сен творчество адамысың.
Мен қызметке жастай араластым. Ешкімнің көңіліне кірбін түсірмеуге тырыстым. Бағынышты адамына орынсыз сөз айтсаң, не әділетсіз кінә тақсаң, ол ішінен кек сақтап, орайы келгенде келергі жасайтынын біліп, әр іске өте сак қарадым.
Екіншіден, жұрт басшының үлгісімен жүретінін, сондықтан мен ата-анамнан,

ауылымнан үйренгендерімді ұлғайтып, билік иелерінің жақсы істеріне, көпшіл, кешірімді мінезіне еліктеп, өзімді де, өзгелерді де сыйлай алатын әдепті, мәдениетті болуға талпындым. Осы күнге дейін ол кісілер есімнен шықпайды. Сен менің Жуалы аудандық атқару комитетінде жауапты хатшы болып істегенімді білесің ғой?
— Білемін.
— Айлық алған күні «бүгін бір жақсылық болатын сияқты» десіп, екі «досым» жымындап қасымнан шықпайтын, маған деген қошамет сөздерін үйіп-төтетін.
Тәртіп сақтап, кеңседен дәл сағат алтыда шығатынымды білетін олар мені сағат төрттен төніректей бастайды. Сыр бермеймін. Дәл алтыда күні бұрын дайындағанымды ұсынып:
— Мынау сендерге, өсектеріңді айтып, бөсе беріңдер, — дейтінмін қоштасып. Олар қалады. Осылай айлық алған сайын екеуін сусындатып жүрдім.
Өкінішке қарай, олардың өмірі берекесіз өмір болды. Өзің де байқаған шығарсың, ішкілікке құмарлардың өмірі қай бір берекелі өмір дейсің? Өздері өсек айтып, мәселені тудырып алады да, дауласып, жауласып жүреді.
Оларды мен жамандап отырған жоқпын, керісінше, сол күндерімді сағынышпен еске алып отырым. Әр адам өзінің жұмысын тиянақты істеп, тәртіп талабына сай еңбек етуі керек қой. Оларға мұндай талап ұнамады. Неге деп сұрақ қой.
— Неге?
— Себебі, елдің бәрі өздері сияқты ішкілікке құмартып, біреуді жамандаса, өсек айтса екен дейді.
— Иә.

— Мақтанды десең де, өзін біл, мен таза жүрдім. Бықсық сөзді бала кезімнен ұнатпайтынмын. Біреуді біреу жамандай бастаса, бетін қайтарып тастайтынмын. Олай етпесең, өсекшілерден сақтануың қиын. Олардың зардабын сен де тартқан шығарсың?
— Тарттым.
— Мен олардың үнін шығармаудың жолын жақсы біліп алғанмын.
— Сіздің өсекшілерге қосылмағаныңыз жақсы болған екен. Қосылсаңыз, бір нәрсеге ұрынуыңыз да мүмкін ғой.
— Әлбетте. Олардың ешқайсысы оңған жоқ. Дұрыстап жұмыс істемеді, айтар сылтаулары көп. Ақыры бір-бірлеп қызметтен қуылды. Тәртіпті сақтағанымнан маған ол берекесіздердің ықпалы жүрмеді. Ең жақсысы, басшылардың бәрімен қарым-қатынасым дұрыс болды. Олар жұмысты тындырымды істегеніме қуанып, еңбегімді бағалай білді. Ол кісілерге қазір де рақмет айтамын. Мәселенің бәрі — өз міндетіңді дұрыс атқаруда ғой.
Менің жұмысым жауапты әрі ауыр еді. Неше түрлі қатынас қағаздарын екі тілде жазып, машинаға бастыруым, оның қатесін түзетуім керек.
— Өзіңмен өзің, тып-тыныш жүрген адамға жамандық ойлайтындар бар ғой?
— Бар емес, көп. Ешкімге зиянын тимеген сенің де аяғыңнан шалды емес пе? Оларға

ізденгенің, таза еңбек еткенің ұнамайды, жеткен жетістігіңді қызғанады. Олардың әдеті жұртты өсектемей жүрмейді. Оның бәрін елеі берсең, жынданып кетесің.
Біреуді сыртынан сөз етіп, мысқылдап құлуге, мазактап, өсек айтуға кім құқық берді? Мені де өздеріне тартпақ болды. Оларға мен қосылмадым, өсектерін тыңдамадым. Жікшіл топты жек көрдім. Алғаш сөздерін естіп, ешқандай пікір айтпай жүрдім. Лас іске араласып, арымды былғамайын дедім де, олардан бойымды аулақ салдым. Жолыға қалғанда өздері тәрізді жалпылама тақырыпта ғана сөйлеуге көштім.
Біреуді сыртынан сөз етіп өсектеу — күнә. Оны арамзалар қалыпты жағдай санайды. Өйтүге мүлде болмайды. Ондай өсекшілерден өзін ертерек сабак алдым. Оларды

жаратылысым ә дегеннен жактырмады. Біреуді өсектеп, сөз ету — босқа кеткен уақыт, өзіңнің ар-ұжданыңа — сын.
Ұстанымым — ешкімге тиіспеймін, тиіскенді аямаймын, басымнан сөз асырмаймын, айқай-ұйқайға бармаймын. Көре алмаушылар, іші тарлар көлденендесе, іс насырға шауып, мәселе күрделене түсуі мүмкін. Күрделенсе, күрделенсін, мен өз әділдігімді дәлелдеп, арамзаны тізерлетпей тынбайтынмын. Оттан да, соттан да тайынбайтынмын. Арыма таңба түсіріп тірі жүргенімше өліп кеткенімді артық санайтынмын.
Шүкір ететінім, қайталап айтайын, басшылардың бәрі еңбегімді бағалады. Оларға рақмет. Мен ешуақытта жағымпаз болған жоқпын. Жағымпаз бола алмайтын жаратылысым өзіне аян.
— Ол бір маған емес, барша жұртқа аян жай ғой.
— Бір бастығым үлкен жиналыста: «Мен Бауыржан Момышұлының арқасында екі қолымды жылы суға малып отырым», — деді ашық мойындап. Оған мәз болғаным жоқ. Себебі, мен өзімнің азаматтық міндетімді ғана атқарып жүрмін деген ойда болдым. Шынында солай ғой?
— Иә.
— Міндетімді атқардым. Оған сауатым жетті. Барлық кезде істеген ісімнен ши шықпасын дедім. Ши шыққанын жан-тәніммен жек көрдім. Жоғарыдан келген

Мен талайлармен сыйлас, сырлас болдым. Өкінішке қарай, дәл сендей жаны, ары таза, ұстамды азаматты кездестіре алмадым. Бейнелеп айтсам, тау бұлағының мөлдір тамшысындай мені өзіне біржола баурап алдың. Ауылымның ақсақалдары тілімен айтсам, сен маған тонның ішкі бауындайсың. Бұл ұрпағымыздың ұрпағына ой сыйлар үлкен өнеге деп білем.
— Екеуіміздің арамызда мүлде күтпеген қолайсыз жағдай орын алғаны бар.
— Ол қандай қолайсыз жағдай?
— Есіңізге салайын. Оған кінәлі менмін. Журналистік куәлігімді жоғалтып, ары іздеп, бері іздеп таппай, редакторым Әбіғұл Қарағұлов ағаға барып, мүшкіл халімді айтып:
— Не істеймін? — дедім қиналып. Ол кісі сабыр сақтап:
— Тағы іздей түс, табылып қалар, — деді. 24-ші желтоқсан сіздің туған күнііңіз. Мен, жұбайым, келінінің Зейнеп Ахметова, немереңіз Ержан төртеуіміз жылда үйіңізге барып, туған күніңізбен құттықтайтынбыз. Бізден басқа дастарқан төңірегінде ешкім болмайтын. Сіз даңғазалықты жек көретінсіз. Көңілді отырғанбыз. Бір кезде:
— Күміс келін! — дедіңіз қатты дауыстап.
— Не, аға?
— Мен аға емеспін, саған ата боламын!
— Иә, ата. — Жұбайымның даусы дірілдей шықты.
— Мына болбыр байынды сен тандадың ба, әлде сені ол тандады ма?



тапсырманы барынша мінсіз, тындырымды атқардым.
Екі күннің бірінде әртүрлі қатынас қағаздар, есеп, анықтамалар жазатынмын. Ол көп қызметкердің қолынан келмейтін. Мені жазуға машықтандырған Жуалы аудандық атқару комитетінің төрағасы Дүйсенғали Бұрабаев аға. Ол кісі шеберленуіне өзінің бейімділігің де көмектесті дейтін жотамнан қағып.
Толып жатқан қағаздарды орыс тілінде мен жазатынмын. Оларды жазу қиын еді. Оны біреуге айтып мақтанған емеспін. Мақтану — ұят, үндемей, асып-таспай, жасып-жұқармай жүре беретінмін. Бұл менің есейіп ержеткенге дейінгі өмірім.
Кезінде саған айтқаным жоқ, айтуды қажет деп те таппадым. «Бауыржан Момышұлымен тіл табысқан ана Мамытбек Қалдыбаев дегеннің бағы бар екен. «Екінші рет есігімді ашушы болма» деп үйінен талай рет қуып жібергеніне қарамай, Бауыржанға бара беретін көрінеді» деген өсекті де естігем.
— Сізге келе беретінім рас қой.
— Рас болғанда, сен менсіз де өз жолыңды тапқан адамысың. Сөзімді бөлмей тыңда. Сені үйімнен талай рет боктап, қуып шыққанымда әдейі сынаған едім. Риза болғаным, соның бәріне төздің. Сол төзе білген ұстамдылығыңды бағаладым. Екеуіміздің бір-бірімізге беріліп сырласуымызға жол тауып, уақыт бөліп, мені бір оқ шығармай жеңіп алғаның үлкен жеңіс. Саған өзіме сенгендей сендім. Сенгенім сонша, үйіне барып, төрт күн «масыл» болып жаттым емес пе?
Мен кімге не айтуды, қандай қиын жағдай кездеспесін не істеуді білетін адамымын. Сенің үйіне бармай, жалғыз балам Бақытжанның, не Шерхан Мұртазаев, Мекемтас Мырзахметов інілерімнің ійгеріне баруыма да болатын еді. Олардың құшақ жая қарсы алатынын біле тұра сенің үйіңді тандадым. Неге тандадыңыз демейсің бе?
— Неге?
— Себебі, туыс інілеріммен, баламмен дәл сендей сырласа алмаймын. Сырласқым келсе де, олар мені дәл сендей түсінбейді. Сен табиғи таза, періште көңіл жансың. Төктеретін айтсам, ешкім саған ұқсап менімен көкірегің айқара ашып, қарым-қатынас жасаған емес, жасауы да неғайбыл.

— Ол тандалы.
— Мен сенің орнында болсам, басымды кесіп алам десе де, бұған күйеуге шықпас едім. Енді шығып қалған екенсің, амал жоқ. Мә, болбыр байынның «олжасын» өзіне табыс етейін, — дедіңіз жоғалтып таба алмай, неше күн іздеп, табанымнан тозған журналистік куәлігімді жұбайыма ұсынып. Бетімнен отым шықты.
— Бұдан басқа біреу болса, шенімді де бастырмас едім. Бұл өзім болған соң, кешірдім, — дедіңіз де, маған тура қарап:
— Жауапкершіліктен жүрдайсың. Куәлігің төс қалтаннан шықпай, құлыптаулы жатуы керек емес пе? Менің үйіме қалай түсіріп алғанысың?! — дедіңіз зекіп.
— Бет орамалымды алғанда түссе керек.
— Куәліктің жауапкершілігі үлкен. Оны қылмыскерлер өз мақсатына пайдаланып кетуі де мүмкін. Бірлі-жарым сен секілділер партиялық билетін жоғалтып алып, жазаға ұшырағанын да білем. Бәрің айт та бірін айт, келін қарағым, көңіліңе алма, бұл болбырды сен ғана емес, мен де жақсы көремін. Бәріміз жамырай күлдік.
— Иә, ол күн есімде. Екеуіміздің қарым-қатынасымызға айналамыздағылардың қызғанышпен қарайтынын сен сезесің бе?
— Сезем. Сезгендіктен сыр бермей жүрем.
— Оның — ақылдылық. Қызғаншақтардың ешкімге іші-бауыры елжірмейді. Өйткені олар тек өздерін ғана ойлайды.
Өсекшілер «Бауыржан неге жалғыз ұлы Бақытжанмен, не інілері Шерхан Мұртазаевпен, Мекемтас Мырзахметовпен сырласпайды, неге қайдағы үш қайнаса сорпасы қосылмайтын Мамытбекпен сырласады?» деп те өздеріңше мені айыптап, өсек таратып жүргенге ұқсайды. Мұны естігенде құлазып, елегізіп, далада қалғандай сезінеді екенсің. Түсініп отырмысың?
— Түсініп отырым.
— Қайсыбірінің «Бауыржанды өзіне «бағындырып» алған Мамытбектің арманы жоқ» дегені де маған жетті. Мен саған «бағыныппын».

Мамытбек ҚАЛДЫБАЙ,
Халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты, бауыржантанушы

(Жалғасы бар)



E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

АИНА

www.jasqazaq.kz



Біздің Қайнар ауылына Алматы жақтан келетін кіреберісінде «Сәрсенбай ата каналы» бар. Алтынбек Сәрсенбаевтың әкесі колхозды басқарып тұрған кезінде қаздырған. Ауыл халқы қолмен қазған екен... Ауылдың барлық өткен тарихын, аңыздарын, қызық әңгімесін еститін орын — ауылдың моншасы еді. Оқушы кезіміз, моншаны тек сенбі, жексенбі күні жағалды. Жексенбіде ертерек сол моншаға кетеміз. Ерте барудың себебі — «өшірет». Кейде жарты күнің сол моншада өтеді. Әрине, өзге балалар «Төте, мен терезенің алдына шешіне саламын, шкафтың үстіне шешіне салам» деп ерте кіріп, жуынып шығып жататын. Кірпияздау өскен мен сияқтылар кезек күтіп отыратынбыз. Кезекте отыруымның ең үлкен себебі шалдар еді. Ауылдың шалдары: «Айналайын өкімет, Қайда барсан өшірет, Құйрығынан бір теуіп, Ізбени десең, кешіреді!» — деп, әзілдей кіріп, төрден орын алады. Олардан озып қайда барасын? Кейде шалдар өздері де отырып

ата ғана отырмайтын. Есіктен «Ауфудерзейн, Гутен таг» деп кірген бойы, үлкен-кішінің қолын ала, есікті ашып ары қарай өтіп кететін. Ол кісінің кезек күтпейтінін елдің бәрі біледі, амал жоқ. Мұғалім, сосын соғыс көрген адам. Оған қарсы келетін Атажан мен Жұмәділ ардагерлер моншада ол күні жоқ, біздің шама келмейді... Сол моншадағы қызықты әңгіменің бірі Сәрсенбай ата каналы жайлы еді. Бәлкім, бұл аңыз да болар, өздеріңіз шешіңіздер. Диханбай атамыз, Социалистік еңбек ері Қажымұқан Диханбаевтың әкесі, аласа бойлы, шымыр кісі еді. Үнемі белінде белбеуі болатын. «Белді мықты ұстап тұрады, бел мықты болса, бітті шаруа, жұмыс өзі бітеді, шаршамайсың!» — деп қоятын. «Баяғыда осы каналды қазғанда жігіттер жұмыстың соңында қол-аяғын көтере алмай қалатын, сонда мен түк болмағандай, аяғымды нық басып үйге қайтатынмын!» — деп каналдың



жер сызатындай ағаш қада байлап, бетпен жүргізу керек», — деді. Бұл арам қатқыр есегін қандай қия бет, қиғаш жер

Асқар НАЙМАНТАЕВ,
*Қазақстан еңбек сіңірген қайраткері,
сатирик, режиссер:*

Қызық әңгіме моншада айтылатын...

қалады. Себебі ауылдағы керемет дәстүр: іште күйеу баланың бірі жуынып жатса, қайын ата кірмейтін. Қайын атаның үстіне күйеу бала кірмейді. Сол кезде іштен жартылай шала киініп, «ахілеп-ухілеп» Бәтжан ата шығады, маңдайына киімін ораған газеттен жыртып жапсырып қояды. Ол газет терді сорады. Бірден шылқып шыға келеді. Сосын оны жұлып тастап тағы да газет жапсырады. Атамыздың бұл қылығы күлкілі көрінсе де, іштен тынып, әңгіме тындап отырамыз. Терін солай кептіріп отырып, асықпай киінеді, киіне отырып әңгіме айтады. Дәлізде ол кезде аталардың бір-екеуі отырады. Тек Мергенбай

әңгімесінің басын ағытты. Содан канал туралы, кім, не, қайда, қашан, біраз әңгіме айтылып жатқанда Бәтжан атам: «Сол каналдың мына Жабырдың қия бетіне қалай шыққанын білесіндер ме?» — деді. Жұрт тым-тырыс тына қалды. «Каналды қаза келе Жабыр тауының қиясына тартатын болдык. Ол қия бет. Ол жерден қалай су ағатындай етіп тұзу арық қазасын? Олай сыздық, былай сыздық. Бір күні Сәрсенбай келді де «Есекке жүк артып, жанына



болса да тек тұзу жүреді екен ғой, жарықтық. Сосын бір есекке ептеп жүк артып, жанына жер сызатын ағаш байлады... О, тоба, әлгі есек бір сәтті де не жоғары, не төмен жүрмей, түп-түзу сызық қалдырып, қия бетпен жүріп берді! Артынан сүймен, сойылмен жүріп сызықты тереңдетіп, каналды тура тарттық. Әне, еңбегі адал жануар бізге сондай көмек көрсетті», — деп Бәтжан атам әңгімені аяқтап, маңдайындағы газетін ауыстырды... Осы әңгіме жиі есіме түседі. Қия беттен ес-ақылы есектен дұрыс адам тұзу жүре алмайды. Ал есектің бұл қасиетін білген қазақтан қалай айнаlmайсың!

QOLDA 3.0



Орталық Азияның Еуразия Қоры «Шеврон» компаниясымен серіктестікте өзiрлеген QOLDA жедел көмек бағдарламасының үшінші кезеңі аяқталды. Бағдарламаның басты мақсаты – COVID-19 пандемиясының жағымсыз салдарын азайту және өткір әлеуметтік мәселелерге тиімді жауап беруге бағытталған азаматтық бастамаларды қолдау.

КӨМЕК БЕРЕТІН ӘМБЕБАП АЛАҢ

2021 жылдың тамыз бен желтоқсан айлары аралығында 16 өңірлік YEY еліміздің 14 өңірінде 16 423 бенефициарға жан-жақты көмек көрсетті. «Qolda 3.0» бағдарламасы әлеуметтік топтардың өмір сүру сапасын жақсарту және инклюзивті болашақ құруда тын идеялар ұсынатын қоғам белсенділерін біріктірді. Түркістан облысында отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша 14 ақпараттық науқан өткізілді. Ауылдағы 326 қыз-кейіншек құқықтық сауатын арттырып, өз құқықтарын қорғау тетіктері туралы білді. 314 әйел мен бойжеткен құқықтық және психологиялық көмек алды. 106 ер адам тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша психологиялық оналту бағдарламасы аясында көмек алды. Алматы облысында суицидке бейім 444 оқушы психотерапиялық сессиядан өтті. Өскемен қаласында есту қабілеті нашар адамдарды ақпараттық, консультациялық, психологиялық көмекпен қамтамасыз ету үшін



дағдарыс орталығының кеңсесі ашылды. Мамандар ыммен сөйлесу бойынша 122 психологиялық кеңес өткізді.

Семей қаласында 2300-ден астам бала қалалық экоакциялар мен экологиялық мектеп іс-шараларына қатысты.

Қарағанды облысында 70 экотренер мен эковолонтер жастарға экологиялық білім беру бойынша оқытудан өтті. 1000-нан астам колледж студенті экологиялық өмір салтын насихаттайтын сенбілік, экоакция, экомарафон, байқаулар сияқты іс-шараларға қатысты.

Солтүстік Қазақстан облысында ауыл тұрғындары цифрлық сауаттылық жағынан 1110 кеңес алды.

Павлодар облысында қоғамдық нысандардың мүгедектігі бар және қимыл-қозғалысы шектеулі топтары үшін қолжетімділік деңгейін бағалау және одан әрі бейімдеу тетігі әзірленді.

АИТВ және туберкулезбен ауыратын адамдардың құқықтарын насихаттайтын YEY 5 облысты біріктірген ҚР Пациенттер одағын құрды. Барлық жобаларды жүзеге асыру үшін мемлекеттік органдардан 78 әріптес және 45 серіктес ұйым көмектесті.

Орталық Азияның Еуразия Қорының «Qolda» бағдарламасының менеджері Әлия Еспаева былай деді: «QOLDA бағдарламасының құлашын кеңінен жайып келе жатқанына қуаныштымыз. Бұл жолы біз әртүрлі бағыттағы жобаларды қолдай алдық. Біз үшін эко-білім беру, цифрлық сауаттылыққа, тігін дағдыларына оқыту және жұмыс орындарын құру, сондай-ақ заң шығарушылық жобалар мүлде жаңаша болды. Бұдан бөлек, бағдарлама өңірлік ұйымдарға қолдау көрсетуге, оларға өздерінің бірегей идеяларын іске асыруға мүмкіндік береді. Бенефициарларды барынша қамту үшін ауыл-аудандарға баруға тырысады».

«Шеврон» компаниясының өкілі Жанар Кошпанова: «Шеврон» компаниясының қолдауымен Орталық Азияның Еуразия Қоры жүзеге асырып отырған «Qolda» жедел көмек бағдарламасы республикамыздағы COVID-19 пандемиясының жағымсыз салдарын барынша азайтуға көмектесіп қана қоймай, сонымен қатар азаматтық қоғамның дамуына жаңа серпін беріп, қоғамдық ұйымдардың заманауи қоғамның мәселелерін шешуге өз үлесін қоса алатындығын көрсетті. Бағдарлама мыңдаған отандастарымызға жүйелі гуманитарлық, құқықтық, психологиялық көмек көрсету бойынша орасан зор жұмыс жүргізетін әмбебап алаңға айналды және «Күшіміз бірлікте!» қағидасын тағы да бір мәрте растады», — деді.

«Qolda» бағдарламасының жұмысы жалғасуда. Ақпан айында бағдарламаның келесі кезеңі жарияланады. Барлық мағлұмат <http://qolda.org/> ресми сайтында жарияланады.

(Өз тілшіміз)



СӨЗ БЕН ТІРКЕСТЕРДІ

Соңғы жылдары ақпарат құралдарында сөз бен тіркестерді орынсыз қолдану бөлең алды. Мәселенің шешімі ретінде сөзді қате қолданудың 2

мыңнан астам нақты мысалы жинақталған сөздік дайындалды. Сөйтіп «Сөзтүзер. Қате қолданыстар сөздігі» жинағы өткен жылы жарық көрді. Дегенмен мұндай үлкен еңбек ұмыт қалмауы тиіс. Осыны ескеріп, жиі қолданылатын сөз тіркестерін газет бетінде тұрақты түрде жариялауды жөн көріп отырмыз.

Антициклон қарамағында

МЫСАЛ: Оңтүстік өңірі антициклон қарамағында
Бұл — сөзбе-сөз аударудан туған калька тіркес. Сөйлем тиянақталмаған, құрылысы да қазақша емес. Сөйлемдегі антициклон сөзі анық мәнде қолданылғандықтан, ілік септік жалғауы түсірілмейді.

ДҰРЫСЫ: *Оңтүстік өңір антициклонның ықпалында болады.*

Аркасында

МЫСАЛ: бала аңғалдығының аркасында қиын жағдайға душар болуы мүмкін.
Сөйлемде аркасында шылауы дұрыс қолданылмаған. Сөздердің тіркесім заңдылығы ескерілмеген. Аркасында шылауы игі іс, ізгі ниетпен атқарылған шаруа, жүйелі, дұрыс іс-әрекетке қатысты қолданылады. Сондықтан аркасында сөзінің орнына салдарынан/кесірінен сөздерінің бірі қолданылғаны жөн.

ДҰРЫСЫ: *Бала аңғалдығының салдарынан қиын жағдайға душар болуы мүмкін.*



Арты жақсы болсын!

Жастарды табыстыратын бағдарламада танысқан екі жасқа қарата айтылған бұл тілек орынсыз қолданылған. Қазақтың тілдік санасында «Арты жақсы болсын!» деген тіркес адам қайтыс болған жағдайда ғана айтылады.

ДҰРЫСЫ: *Жұптарыңыз жазылмасын! Ұзағынан сүйіндірсін!*

Артымдағы тұрған

МЫСАЛ: Артымдағы тұрған адамдар ести алады.
Қазақ тіліндегі сөздердің тіркесім заңдылығын, қосымшалардың табиғатын ескермеуден туындаған стильдік қате. Артымдағы сөзінен кейін тұрған етістігін қолдану қате. Тұрған етістігі қолданылса, алдыңғы етістікке сын есім тудыратын -ғы қосымшасы жалғанбауы керек.

ДҰРЫСЫ: *Артымда тұрған адам немесе артымдағы адам*

Ауылшаруашылығы

МЫСАЛ: 2025 жылға қарай ауылшаруашылығының жалпы өнімінің көлемі үштен бірге өседі деп күтілуде. Тілдің заңдылығы бойынша бөлек жазылып жүрген екі сөзді біріктіруге тілтанушылардың теріс ықпалы тиген. 2013 жылы шыққан «Орфографиялық сөздіктегі» біріктіруге әуестік осындай қателікке ұшыратқан. Бұл тіркескен күрделі сөзге жатады. Құрылымдық негізі — ілік септігіндегі сөз бен тәуелдік жалғаулы сөздің матаса байланысуы.

ДҰРЫСЫ: *ауыл шаруашылығы*

Бас редактор — директор
Срайыл Махатұлы СМАЙЫЛ
Редакция алқасы:

Қуаныш НҰРДАНБЕКҰЛЫ жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Гүлнар АХМЕТОВА — экономика, нарық

Мақпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші

Ернұр КЕНЖЕБАЙ — шолушы

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — терімші

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-caim

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Мерген ТОКСАНБАЙ—
Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 701 312 39 34)

Қажет АНДАС — Алматы облысы (8 747 706 13 82)

Нұргүл НАСЫР — Атырау облысы (8 702 959 80 08)

Мөлдір КЕНЖЕБАЙ —
Шымкент қаласы (8 700 280 63 20)

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Меншік иесі:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың
орынбасары

Мейрамбек
ҚҰЛМУХАМЕДОВ

Бас есепші
Расима
ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-қабат
(*Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы*)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс — №1063;
Бағасы келісім бойынша

Таралымы — 5000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «AirAstana» әуекомпаниясының ұшақтарында бар.

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.

2021 жылдың 03 маусымында ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ68VPY00036247 куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.